

Успен ауданы Қозыкеткен ауылдық округінің Қозыкеткен ауылындағы кейбір көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Успен ауданы Қозыкеткен ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 4 желтоқсандағы № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 желтоқсанда № 5738 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Успен ауданы Қозыкеткен ауылы тұрғындарының пікірі ескеріле отырып және облыстық ономастика комиссияның 2017 жылғы 15 тамыздағы қорытындысы негізінде, Қозыкеткен ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Успен ауданы Қозыкеткен ауылдық округінің Қозыкеткен ауылындағы келесі көшелері қайта аталсын:

"Производственная" көшесі "Аманат" көшесі болып;

"Мира" көшесі "Атамекен" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қозыкеткен ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

В. Симоненко